

ISSN 1563-0323
Индекс 75878; 25878

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК


ФИЛОЛОГИЯ
СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

АЛМАТЫ

№5 (87)

2005



ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ АУДАРУДЫҢ КЕЙБІР ТӘСІЛДЕРІ

Фразеология – лингвистиканың үлкен бір саласы. Фразеологияның тілде атқаратын ролі айрықша. Өйткені, тұрақты тіркестер - халқымыздың ұлттық ерекшелігін бойына сіңірген басты мәдени байлығымыздың бірі. Фразеология саласын тіл білімінің жеке пәні ретінде қалып-тастыруда, оның нысандарын, тілдегі орны мен табиғатын, зерттеу әдістерін анықтауда, маңызды теориялық тұжырымдар жасауда, көптеген отандық және шетелдік ғалым - лингвистердің еңбектері ерекше орын алады. Кеңес лингвистикасында фразеологияға арналған зерттеулер мен басылып шыққан еңбектер көп. Олардың ішінде В.В.Виноградов, С.Г.Гаврин, М.М.Копыленко, Н.И.Амосова, І.Кеңесбаев, А.Т.Қайдаров және т.б атақты ғалымдардың фразеология мәселесіне арнап жазған құнды еңбектерін атауға болады.

Көркем аудармада да фразеология мәселесі қиын да күрделі мәселенің бірінен саналады. Сондықтан, аударма теориясы мен практикасы, жеке аударма теориясы үшін салғастырмалы тіл білімінің алар орны ерекше. Тілдерді салғастыра қарастыру аударма мәселесінің ең құрамдас бөлігі. Бұл мәселені дұрыс шешудің бір жолы фразеологизмдердің табиғатын терең түсінуде жатыр. Оның түрлерін, соған орай көркем туындыда атқаратын қызметін жеке ұғып алмай тұрып, екінші бір тілге аудару жөнінде сөз болуы мүмкін емес. Сондықтан, жалпы тілдердегі тұрақты тіркес атаулының бәрі аударма практикасы үшін де, теориясы үшін де ең қиын, күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Фразеологиялық тіркестерді аудару қиындығы кездейсоқ жағдайдан туындамайды. Оның лингвистикалық тұрақты сөз комплекстерінен тамыр алатын объективті себептері бар. Ол қиындықтың басты себептерінің бірі әр тілдің тіркес құрамында өзіне ғана тән спецификалық ерекшеліктердің басқа тілдегі баламалардың болмауы болып табылады. Тіпті кей жағдайда бүтін бір фразеологиялық мағынаның, бүтін бір фразеологиялық түсініктің екінші бір тілде мүлде кездеспеуі мүмкін.

Ұлттық боюуы қою фразеологиялық бірліктер өсіресе ұлттың өзіне ғана тән қасиетін көрсететін салт - дәстүрі, мәдениеті, тұрмысы, тарихы мен географиясы, жер, су аттарын білдіретін реалийлер аударманы күрт қиындата түседі. Әдеби аудармада фразеологизмдерді творчестволық өңдеу тәсілімен аудару көптеп кездеседі. Сондай-ақ әрқилы мөлшерде құрылымы мен семантикалық қатары әр түрлі фразеологиялық бірліктерді аудару да айтарлықтай қиындық туғызады. Бұл жөнінде И.Я.Рецкер өзінің «Аударма теориясы мен практикасы» атты еңбегінде былай деп жазды: «Аудармашы фразеология теориясына қанық болуы тиіс, ол текстен кездескен фразеологиялық бірліктерді бірден ажыратып, мағынасын тез түсініп және онық экспрессивті стилистикалық қызметін аудармада дәл беруі шарт». Расында да бұл шартты орындамаса аударма толыққанды сәтті жасалуы мүмкін емес.

Жалпы аудармамен айналысқан бірде бір ғалым, бірде бір тіл мамандары фразеология мәселесін аттап өте алған емес. Ол заңды да. Сонымен фразеология аудармасын зерттеуде А.В.Федоров, И.Я.Рецкер, Н.Л.Щадрин, В.Н.Комиссаров және т.б. Қазақ ғалымдарының ішінде І.К.Кеңесбаев, М.Қ.Қаратаев, С.О.Талжанов, М.Б.Балақаев, Ө.Айтбаев, т.б. еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Фразеологизмдер деп табылатын тіркестердің әдеттегідей үш белгісін: мағына тұтастығы, тіркес тиянақтылығы, қолданылу тинақтылығы туралы айтатын аксиомалық шарт шынында да, бүкіл фразеологиялық тіркесті бұзып жарып аударуға келмейтіндігін көрсетеді. Мысалы: үріп ауызға салғандай-сүйкімді, әдемі деген идиомдарды сөзбе-сөз аударуға болмайды. Бұл сияқты идиомалардың мағына тұтастығы өте берік, компонент араларына басқа сөзді қосып, ауыстырып айтуға келмейді. Сол себепті фразеологизмдердің бұл түрін идиомалар немесе фразеологиялық тұтастық деп атаған.

Ал фразеологиялық бірлік деп аталған тұрақты тіркестер құрамында мағына тұтастығы толық сақталғанымен, жасалу жолы жағынан қарағанда компоненттің кейбіреулерінен мағына тұтастығына қатысты сөздер болады. Мысалы: көзіне көк шыбын үймелету - қорлау, жазалау

Аталған фразеологизмдерді аудару қиын іс, сондай-ақ дәл аударма жасау мүмкін емес.

Фразеологиялық қорда фразеологиялық тұтастықтар мен фразеологиялық бірліктермен қоса, фразеологиялық тізбек деген түрі бар екенін білеміз. Бұнда құрамындағы сөздер басқа сөздермен орныққан болып келеді. Мұндай лексемалар кез келген тұрақты сөз тіркестерін жасауға қатыса бермейді. Фразеологиялық тізбекті белгілі бір сөз тобы жасайды. Мысалы: асқар тау, қан- жоса, мидай дала, қыпша бел тек осы аталған тіркестерде ғана қолданылады. Мұнда да фразеологиялық тізбек мағынасы сөздің тікелей мағынасынан туады. Мұнан шығатын қорытынды фразеологизмдер нақты үш белгісі арқылы танылып, қалыптасқан фразеологизмдердің жоғарыда айтылған қай-қайсы да аударудың иініне көне бермейтінін байқадық.

Біздің қарастырайын деп отырған қазақ әдеби тіліндегі және ағылшын әдеби тілінің құрамындағы фразеологизмдердің құрылымы, құрамындағы компоненттердің кірігуі, тіркесуі, семантикалық байланысы жағынан бір бірінен айырмаланатын ерекшеліктері өте көп, бірақ та аударма процесі кезінде фразеологизмдердің (тіркесу нысаны, құрамында неше сөз бар екендігі) айтарлықтай роль атқармайды, тіржаматанушылардың назарын аударатыны - түпнұсқа тілдегі фразеологизмдердің ұлттық ерекшеліктеріне көңіл бөле отырып, семантикалық құрылымының аударма тілде берілуі.

Сондықтан аударма тәжірибесінде фразеологизмдердің мағынасын дәлмедәл жеткізуде сөзбе-сөз (калька) тәсілі толық балама, жартылай балама, түсіндірме арқылы т.б. аударма тәсілдерін қолдануға болады.

1. Сөзбе-сөз (калька) тәсілі тілдік единицаның (сөздің, сөз тіркесінің) сыртқы нысанын, ішкі мазмұнын, нақпа байытудың, жаңа номинация жасаудың негізгі, әрі тұрақты амалы деген тұжырым да бар, сондай-ақ сөзбе-сөз тікелей аудармалау тілдік жүйенің қатарына таптаурын сіреспе сөздер мен тізбектерді қосып, тілдің табиғи қалпын бұзады, сондықтан бұған тым бет бұрып кетудің қажеті жоқ деген де пікірлер жоқ емес. Сонымен қатар сөзбе – сөз жатық аударылған, калькаланған тіркестер үнемі стильдік талаптарға сәйкес келе бермейді. Әсіресе фразеологизмдердің эмоциональды-экспрессивті белгілері мүлдем жоғалып кетеді, кейде жартылай сақталады немесе мәтінде сөйлем тұтастай түсіріліп, тастап кетеді. Алайда, аударма әдебиетінде фразеологиялық тұлғалардың бір тобы сөзбесөз аударылған тіркестер.

Мысалы: not to believe one's own eyes (ears) - өз көзіне өзі сенбеу; fish begins to stink at the head - балық басынан шіриді; to lead a cat and dog life - ит пен мысықша өмір сүру; to get up one's wrong foot - сол аяғымен тұру, black gold - кара алтын, a black list - кара тізім, бұл фразеологизмдердің калькаланған қазақшасы мейлінше тұрақталған әрі қазіргі тілдік

қорда жиі кездеседі. Калька тәсілімен аудару кезінде аудармашы түпнұсқадағы тілдік единицалар-дың түр-түрпатына, өзге халықтардың мәдениетіне қатысы бар екенін естен шығарып алады, және кей жағдайларда мән-мағынасы түсініксіз болып шығады. Сондықтан да бұларды мағынасына қарай, балама болатын сөз тіркестерін, егер ондай тіркестер болмаса, мағынасын бере аларлық жеке сөздермен немесе еркін сөз тіркестерімен аударуға болады.

2. **Түсіндірме арқылы аудару тәсілі.** Мысалы: come to one's own autumn-өзіне тиісті жазасын алу; have something one's conscience -өз кінәсін сезу (түсіну); addict oneself to vice -жаман әдетке салыну; немесе қазақ тілінде: ала жібін аттамау - be honest and descent; ашна жалап күйде өмір сүру- live from hand to mouth; аузынан ақ ит кіріп қара ит шығу - use foul (bad) language; таңды көзбен атыру- to spend the night until morning; қосағымен қоса ағару-live a happy life;

Бұл аудармада фразеологизм аудармасы берілмейді, оған тек түсіндірме беріледі. Бұл тәсілде фразеологиялық бірлік аударма тілінде мүлде жоқ, және кездеспейтін жағдайда қолданылады.

3. **Толық балама** - екі тілде бейнелік сәйкестік болған жағдайда, яғни толық сәйкес келуі. Мысалы: play with fire - отпен ойнау; asperse smb's name- біреудің атына кір келтіру; to set a fire-от салу; the rotten apple injures its neighbours-бір қарын майды бір құмалақ шірітеді; to addle one's brain-бірденемен миын ашыту; немесе қазақ тілінде көздің ағы мен қарасы -the apple of one's eye; көзден жырақ көңілден таса- out of sight out of mind; көзі ағару-lose one's sight;

Алайда фразеологиялық тіркестерді салыстыра зерттеуде мағыналық және тұтастығы, бейнелілігі, яғни толық сәйкестігі сирек кездесетіні байқалады. Тіл-тілдегі фразеологиялық бірліктердің сәйкес мәндес келуі, аударманың жатық болуына көп септігін тигізеді және аударманың жұмысын едәуір жеңілдетеді.

3. **Жартылай балама**- дәл сол мағынаны басқаша бейнелеуіш құралымен беру тәсілі, яғни мағыналас тіркестер. Мысалы: abuse somebody left and right - жерден алып жерге салу; commit adultery -жұбайының көзіне шөп салу; asperse smb's character- біреудің абыройын айрандай төгу; to give somebody a foot- аяғынан шалу; to play the baby -балалыққа салыну немесе балалық жасау; немесе қазақ тілінде: ақ пен қараны айыру-tell good from evil; екі беті анардай- red cheeks;

Қорыта келгенде тіл-тілдегі соның ішінде ағылшын және қазақ фразеологиялық тіркес құрамындағы компоненттердің әр түрлі болып аударылуының басты мақсаты - аударма оқырманның құлағына жатық әрі түсінікті болуы. Жасаңды әрі түсініксіз аударма екі жаққа да тиімсіз болып табылады.

1. Айтбаев.Ө. Аудармадағы фразеологиялық құбылыстар А: «Ғылым», 1975
2. Тажутов.А. «Үлкен ағылшынша- қазақша» I том. А-В А., «сөздік -словарь», 1996
3. Бабкина.А.М. Проблемы фразеологии. М.: Наука, 1964
4. Кунин А.В. Английская фразеология. М., 19707
5. Саренбаев Р. Қазақ тілі фразеологиясы. А, 1973.

Д.С. Мұхтар

ТІЛАРАЛЫҚ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ СИНОНИМДЕР

Қазіргі тіл білімі ғылымында лингво-мәдениеттану, этнолингвистика, антропо-лингвистика, когнитивті лингвистика, психо-лингвистика бағыттарының қарқынды дамуы тіл деректерін сол тілде сөйлеуші халықтың ұлттық, рухани құндылықтарымен, мәдениетімен, ойлауымен, дүниетанымдық және менталды ерекшеліктерімен бірлікте, кешенді түрде зерттеуге жол ашады. Ол өз алдына салғастырмалы фразеологияның аясына тың мәселелер мен міндеттерді жүктейді. Солар-дың бірі – тіларалық (туыс және туыс емес тілдер арасында) фразеологиялық синоним-дер немесе толық эквивалент фразеологизмдер.

Тарихи даму барысында көршілес орналасқан немесе туыстас халықтардың қарым-қатынасы нәтижесінде тіларалық ортақ бірліктердің пайда болуы заңды құбылыс. Бұл құбылыс тілдің фразеологиялық қабатынан да көрініс табады. Тілдегі фразеологизмдер – белгілі бір ұлттың мәдени өмірінің, ұлттық дүниетанымының, әдет-гүрып, салт-санасының айнасы. Жалпы тілдік бірліктердің ішінде аккумулятивтік қызметі ерекше байқалатын, бірнеше ғасырлар бұрын пайда болып, дамып, қалыптасқан, белгілі бір ұлттық дүниетанымы, өмір сүрген ортасының табиғат ерекшеліктері, салт-дәстүрі, тұтас рухани және материалдық мәдениетінен хабардар ететін фразеологизмдер бай материал болып табылады. В.М.Мокиенконың пайымдауынша, мақал-мәтелдердің, мысал өлеңдердің, аңыздардың, мифтік бейнелердің ұқсастығы, ортақтығы генетикалық емес, типологиялық тұрғыда жүзеге асырылады (1, 105). Әр ұлттың, нәсілдің адамадарының бейнелі ойлау логикасы әмбебап моделдерді жасай алады. Жалпы адамзаттың ортақ өмір сүру жағдайы, мәдени дамуының ұқсас деңгейі ойлаудың ортақтығына әкелетіні сөзсіз (бірақ абсолютті емес). Осыдан генети-калық жақтан туыс емес әр халықтың тілдік қорындағы фразеологизмдердің, мақал-мәтелдердің ортақтығы келіп шығады. Фразео-логизм өзінің ішкі формасын, прототипті жағдайын (ситуациясын) сақтай отырып, бірнеше тілде ортақ бір құрылымдық-семантикалық моделде жеткізілсе, оларды «фразеология-лық синонимдер» деп атауға болады. Бұл шартты атау болғанымен, астарында әр этностың, әр халықтың психологиясы, логикасы, мәдениеті, өрке-ниетті дамуы жатыр. Бірақ мазмұн өресі жағынан да, жеткізу өресі жағынан да өзара тең толық эквивалент синонимдес фразеологизмдердің қашан, қандай жағдайда пайда болғаны, оны кім шығарғаны, имплицитті немесе эксплицитті бағытта өзгеріске ұшырағаны бізге белгісіз, олар тілдік бірлік ретінде дайын күйінде қолданылады. Сондықтан жалпы бейнеге, ортақ өмірлік дерекке, бір ақиқат шындыққа құрылған әр тілдердегі фразеологизмдер де ішкі формасы жағынан өзара сәйкессіздікке ұшырауы мүмкін. Е.Б.Яковенко ағылшын және неміс тілдерін салыстырып, *жүрек, жан, рух* концептілеріне талдау жасау барысында мынадай қорытындыға келеді: ағылшын тіліндегі, тілдік санасындағы *жүрек, жан, рух* концептілері неміс тіліндегі аталмыш концептілерге қарағанда ағылшын немесе кейінгі америкалық ұлтқа тән белсенді, мықты, төзімділік қасиеттерге ие (2, 43). Сол секілді барлық өлшемдері жағынан тең келетін фразеологиялық бірліктердің «күрделі ойлау үрдісінің нәтижесі» (3,45) болып табылатын ішкі формасында айырымдар болуы ықтимал. Өйткені толық эквивалент фразеологизмдерде бастысы форманың емес, мағынаның эквиваленттілігі болып есеп-теледі. Ал фразеологиялық бірліктердің мағынасында денотативті аспект емес, әр түрлі коннотациялар, бейнелер, имплицитті бағалаулар, эмоциялар негізгі орынға ие.

Тіл-тілдің фразеологиялық қабатында кездесетін лексика-семантикалық құрамы, грамматикалық құрылымы жағынан өзара тең фраземалар тіларалық фразеологиялық синонимдерді құрайды. Тіларалық фразеологиялық синонимдер деп К.Мусаев өз еңбегінде екі не одан да көп туыстас немесе туыстас емес тілдерде кездесетін өзіндік қалыптасу, даму тарихы, қолданыс аясы бар, лексика-грамматикалық көрсеткіштері жағынан толық эквивалент құрайтын фраземаларды атаған (4, 28). Мұндай тіларалық фразеологиялық синонимдер қарастырылып отырған қазақ және орыс тілдерінде де көптеп кездеседі. Зерттеулердің көпшілігінде мұндай фразе-малар аударма теориясының көлемінде қаралып, «аударма фразеологизмдер» делініп жүр. Ө.Айтбаев пікірінше: „Фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді аударудың тәсілдерін мынадай 3 топқа жинақтап айтуға болады. Біріншіден, мақал-мәтел құрамындағы

сөздердің заттық мағынасын түгел беріп, дәл аударуға болады. Екіншіден, кейбір сөздердің заттық мағынасын өзгертіңкіреп аудару керек. Үшіншіден, аударылатын тілдегі фразеологизмдер, макал-мәтелдерді пайдалану қажет" (5, 180). Осында айтылған үшінші пікірді аудармамен шатастыруға болмайды. Бұл фраземалар – аударма барысында дайын материал ретінде қолданылатын бірліктер. Әрине, бұл тіркестерге қоғамның дамуына байланысты калька тәсілімен аударылған фраземаларды (дөңгелек үстел, дауыс беру, табыс әкелу, алтын той т.б.) және батыс еуропалық тілдерге ортақ этнографиялық фраземаларды (Американы ашу, Варфоломей түні, Ахиллестің өкшесі т.б.) (6, 148) қосуға болмайды. Бұл фраземалар әр түрлі халық-тардың, әр түрлі этностардың мәдени қарым-қатынасынан туындаған материал болып табылады.

Қазіргі кездегі фразеологизм «мәдени білім кеңістігінде бейнеленеді» деген көзқарасты алып қарасақ, фразеологизмнің ішкі формасын жасауға ұйытқы болатын заттардың мәдени мағынасы дараланып шығады. Бұл айтылғанға дәлірек тоқталсақ, ең бірінші әлемде, дүниеде фразеологизмнің мағынасына сәйкес келетін прототипті жағдай қалыптасады, одан кейін прототипті жағдайдағы сөздердің біріншілік мағынасының негізінде мазмұн қалыптасады, ол мазмұн кейінірек фразеологиялық бірліктердің бейнесі болып бекітіледі. Осылайша негізгі ақпаратқа ие мәдениетпен байланысты фразеологизмнің ішкі формасы пайда болады. Жалпы фразеологизмдердің тілдің бейнелі қабаты екені белгілі. Ал бейнелілік өз кезегінде фраземажасам компоненттерінің негізгілерінің бірі болып табылғанымен, мұндай қасиетке барлық фразеологизмдер ие емес. Мұндай бейнелілігі жоқ фразеологизмдерде «шыңдықты көрсететін бейне» бар (7,157). Аталған фразеологизмдердің тобына жоғарыда анықтамасы берілген тілралық синонимдес фразеологизмдерді жатқызуға болады. Өйткені бұл фразеологизмдерден ұлттық-мәдени компонент байқалмағанымен өз ішінде синонимдік қатар құрып, идеографиялық топтарға жіктеліп фразеологизмдердің ішкі формасын құрайды. Фразеологизмдерді идеотоптардың құрамында талдау тілдік бірліктердің заттарды, құбылыс-тарды, ситуацияларды, сыртқы әлемді номинативті-бағалағыштық, эмоционалды-экспрессивті бейнелеу үшін қолданылатынын көрсетеді. Сондықтан тілралық фразеологиялық синонимдер әр түрлі идеографиялық топтардың құрамына ене отырып, тілдің фразеологиялық құрамының жүйелік сипатын, жүйе элементтерінің құрылымдық байланысын, фразеологизмдердің өздерінің маңызды белгілерін айқындайды, салыстырмалы-типологиялық зерттеу арқылы салғастырылушы тілдердің фразеологиялық жүйелерінің өзіндік табиғатын ашады.

Тілралық фразеологиялық синонимдердің лексикографиялық деректерде берілуіне келсек, сөздіктерде бір „өлшеммен“ жасалған фразеологизмдер «толық эквивалентті фразеологизмдер» немесе «тең эквивалентті фразеологизмдер» деп беріледі. Егер орыс тіліндегі фразеологизм мағына, мазмұн, бейнелілік, лексикалық құрам жағынан қазақ тіліндегі фразеологизммен толық сәйкес келсе, абсолютті эквивалент болып саналады және араларына „=“ белгісі қойылады: *Көз салу = Положить глаз; Фибрат алу = Брать пример; Екі оттың арасында = Между двух огней* т.б.

Қорыта келгенде тілралық фразеологиялық синонимдер туралы төмендегідей тұжырымдар жасауға болады:

- тілралық фразеологиялық синонимдер аударма теориясының нысаны емес, салғастырмалы фразеологияның өз алдына жеке қаралатын ауқымды мәселесі болып табылады;
- тілралық синонимдес фразеологизмдер барлық „өлшемдері“ жағынан, яғни құрылымдық-семантикалық құрылысы жағынан, мазмұн өресі жағынан тең келеді;
- аталған фразеологизмдер өз ішінде әр түрлі идеографиялық топтарға жіктеліп, бір немесе бірнеше тілдің фразеологиялық құрамының жүйелік сипатын ашуға мүмкіндік береді.

1. Мокиенко В.М. В глубь русской поговорки. Санкт-Петербург, 1999.
2. Яковенко Е.Б. Сердце, душа, дух в английской и немецкой языковых картинах мира (опыт реконструкции концептов) // Логический анализ языка. Образ человека в культуре и языке. Отв. редакторы Арутюнова Н.Д., Левонтина И.Б. Москва, 1999.
4. Авакова Р.А. Фразеологиялық семантика. Алматы, 2002.
5. Мусаев К. Перевод лексических и фразеологических единиц как проблема частной теории перевода (на материале переводов с русского на узб.) Автореф. докт. дисс. Тбилиси, 1988.
6. Айтбаев Ө.А. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. Алматы, 1975.
7. Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. Алматы, 1998.
8. Мокиенко В.М. Славянская фразеология. Москва, 1989.
9. Қожахметова Х.Қ., Жайсақова Р.Е., Қожахметова Ш.О. Қазақша-орысша фразеологиялық сөздік. Алматы, 1988.

М. Мустафина

КОМПАРАТИВ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Түркі тілдерінде фразеологизмдер аз зерттелініп жүрген жоқ. Бірақ, фразеологизмдердің сондай құрылымдық түрлері жеткілікті дәрежеде қарастырылмай жүр. Фразеологизмдердің сондай құрылымдық түрлерінің бірі – фразеологиялық компаративтер. Олар фразеологиялық құрылымдық ерекшеліктерімен айрықшалаынады.

Фразеологиялық компаративтер – фразеологизмдердің ең жас, әрі өзгеше тобының бірі болып саналады. Сондықтан да болар, қазіргі кезде фразеологиялық компаративтер әр түрлі тілдердің материалдары негізінде зерттеу ісіне қызығушылар саны көбейіп келеді.

Фразеологиялық компаративтер мәселесі фразеологиялық бірліктерді зерттеу ісімен тығыз байланысты. Өйткені фразеологиялық компаративтер фразеологизм жүйесінің негізгі бөлігі болғандықтан, бұл екеуінің қасиеттері де, атқаратын қызметтері де ортақ болады. Фразеологиялық компаративтер салыстыру мәнінде жұмсалатын тілдік құрылымдар. Фразеологиялық компаративтер кез келген тілдің өзіндік ерекшелігін көрсететін тілдік бірлік екендігі ақиқат нәрсе [1; 3].

Ең алдымен "компаратив" деген ұғымға тоқталып өтейік. Компаратив, бір сөзбен айтқанда, салыстыру (латынша – *comparatio*) деген ұғымды білдіреді. Яғни, компаратив дегеніміз – кез келген зат пен құбылысты басқа затпен немесе құбылыспен салыстырып, аз-көп дәрежедегі сапаны айқындай келе, тілдің ұлтқа тән ерекшеліктерін грамматикалық категориялар арқылы жүзеге асыратын тілдік құбылыстар. Бұл құрылым – «дай», «ша сияқты тағы басқа қосымшалардың немесе секілді, тәрізді сияқты арнаулы сөздердің көмегімен жасалынады. Компаративті құрылым – ақиқат шындықты танып білудің басты құралы.

Фразеологиялық компаративтердің мәні бір затты екінші бір затпен салыстыруға негізделеді. Бір затқа екінші бір затты салыстыру – осы заттардың екеуіне ортақ, ұқсас белгілерді табу нәтижесінде жүзеге асады.

Қазіргі қазақ тілінде фразеологиялық компаративтердің жасалу тәсілдері сан алуан болып келеді. Фразеологиялық компаративтердің морфологиялық тәсіл арқылы берілуі сын есімнің шырайларымен тығыз байланысты болады.

Алайда, сын есімнің барлық түрі емес, компаративтік мағынаны сын есімнің тек салыстырмалы шырайы бере алады. Салыстырмалы шырайдың негізгі қызметі – компаративтікті көрсету.

Қазақ тілінде сөз тудырушы жұрнақтар сан алуан. Сол сияқты өзге түркі тілдерінде де сөз тудырушы жұрнақтар жетерлік. Солардың ішінен компаративтік мағына беретін жұрнақтар тобы мыналар:

1) –дай/ -дей, -тай / -тей (мысалы: қасқалдақтың қанындай; судай сіңіп, тастай батты).

2) –лас/ -лес, –дас/ -дес, - тас/ -тес. Бұлар зат есімдерден сын есім жасайтын өте өнімді жұрнақтар. –Лас/-лес жұрнақтары кейіп, рең, түс,әлпет,бейне тағы басқа сөздерге жалғанып компаративтік мағына береді (мысалы: аспан түстес).

3) –ша/ше, дайын/-дейін, тайын/тейін, -данып/-деніп, -шылап/-шілеп жұрнақтары да компаративтік мағына бере алады (мысалы: атша тулады, күмісше жарқырайды, итшіліп өрең жету).

Өзге түркі тілдерінде (өзбек, ұйғыр, татар) де компаративтік көрсеткіш қосымшалар арқылы беріледі. Мысалы, біздің тіліміздегі –дай/-дей, қосымшалары ұйғыр тілінде –тәк/-дәк, өзбек тілінде –дай/-дек, татар тілінде –дәй болып қолданылады. Барлық түркі тілдеріндегі бұл қосымшалардың қолданылу аясы, білдіретін мағыналары бірдей, біркелкі, тек бір өзгешелік дыбыстарда, дыбыстары әр түрлі болғанымен (әсіресе, дауыстылар) қай тілде айтылса да бірден түсінуге болады, мағыналары әлі де алшақтай қойған жоқ. Сөзіміз дәлелді болу үшін мысалдар келтіре кетейік. Татар тілінде "дөядай бусең булғанчы, тәймәдәй ақылың булсын"; қазақша "түйседей бойың болғанша, түймедей ақылың болсын"; өзбек тілінде "сутдек ёрук", қазақша "сүттей жарық". Ұйғырша "көзигә оттәк көрүнди", қазақша "көзіне оттай басылды" — таныс болып көрінді, көзіне ыстық көрінді дегенді білдіреді. Сонымен қатар, ұйғырша "аликәндәк йәр" — "алақандай жер", "өте аз", шағын ғана жерге, орынға қатысты қолданылады.

Бір затты, нәрсені жақсылап күтіп, жоғалтпай сақтағанда қазақтар "көзіндей көрді", "көзіндей сақтады", "сары майдай сақтады", "көзінің қарашығындай сақтады" деген тұрақты тіркестерді жиі қолданады. Ал өзбек тілінде "куз корачигидай асроди" деген варианты жиі қолданылса, ұйғыр тілінде "көзиниң қарчуғидәк сақлиди" деген түрі өте жиі қолданылады екен. Біздің тілімізде түнде ай сәулесі болмай, түн көзге түртсе көрінгісіз қараңғы болған кезде "ай тастай қараңғы" деген тіркес өте жиі айтылады. Бұл фразеологизмнің кейбір түркі тілдерінде айтылмайтынын, қолданылмайтынын бәріміз біле бермейміз, мысалы ұйғырларда бұл тұрақты тіркес мүлдем кездеспейді, жоқ. Ал өзбекше "ой тошдай қоронғу" болып қолданылады. Бір өзгешелігі – тек дыбыс-тарында.

Халық ертегілерінде компаратив фразеологизмдер өте жиі кездеседі. Тек қазақ тілі ғана емес, барлық түркі тілдерінің ертегілерінде фразеологиялық компаративтер жиі қолданылады. Мысалы, ертегілерде сұлу қыздарды суреттегенде қазақ тілінде "ай десе аузы, күн десе көзі бар" десе; өзбек тілінде "ойдек оғзи, кундай кузи"; ұйғыр ерегілерінде "айдәк үзи, күндәк көзи" бар деп суреттейді, өзге түркі тілдерінде де түркімен, қарақалпақ ертегілерінде де дәл осындай теңеулер кездеседі. Сонымен бірге "ат басындай алтын" тіркесі де барлық түркі тілдеріндегі ертегілерде кезде-седі. Өзбектерде "от бошидек олтин", ұйғырларда "ат бешидәк алтун" болып айты-лады. Бірақ бұл тіркестер ауызекі сөйлеу тілінен гөрі ертегілерде,батырлар жырында жиі қолданылады.

Адамның іс-әрекетіне қатысты қолданы-латын тіркестер де өте көп. Олар көбінесе –дай/-дей қосымшалары арқылы жасалады. Ұйғыр тілінде үйді өте таза, тиянақты жинап қойғанда және кейде шашылып жатқан заттарды ұқыптап жинап қойғанда "худди ялап қойғандәк деген компаратив фразеологизм қолданылады; өзбек тілінде дәл осы мағынаға сәйкес "илон ялагандай" тіркесі бар. Өзге түркі тілдерінде, мәселен қазақ тілінде, өзбек және ұйғыр тілдеріндегі варианттар, яғни "күдды жалап қойғандай" мен "жылан жалағандай" компаратив фразеологизмдері қатар қолданы-лады.

Адамның тамақ жеу тәбетіне қатысты фразеологиялық компаративтер де жетерлік. Мысалы, тамақты қомағайлана жеуге байла-нысты "аш қасқырдай", "аш бөрідей" фразеоло-гиялық компаративтерін атауға болады. Кейбір түркі тілдерінде тіркестің бұл екі варианты қатар қолданылса, ұйғыр тілінде "аш бөрідей" — "ач бөридәк" варианты, өзбек тілінде "оч буридай" варианты ғана қолданысқа жиі қатысады.

Күнделікті өмірде адамдардың іс-әрекетіне, мінезіне қатысты көптеген ерекшеліктерді байқаймыз. Кейбіреулер істеген нәрсесін, ісін ұмытып "түс көргендей", "көктен түскендей" болып қалады. Сондай кездерде өзбектер "туш кургандай", ұйғыр тілінде "чүш көргәндәк" деген тіркестерді қолданады екен. Тек өзбек, ұйғыр, қазақ тілдерінде ғана емес, барлық түркі тілдерінен осы тұрақты тіркесті кездестіруге болады.

Келтірілген мысалдарымыздың барлығы компаративтік мағынаның лексико-морфологиялық тәсіл арқылы берілуіне, яғни, қосымшалар арқылы компаративтік ұғымның берілуіне дәлел бола алады.

Компаративтер әр түрлі шылау сөздер арқылы да беріледі. Олардың бастылары мыналар: 1) Сияқты, секілді, сынды, тәрізді, сықылды шылау сөздері. Бұл сөздердің ең негізгі мағынасы – компаративтік мағынаны беру болып табылады. Олар қазақ тілінде компаративтерді берудің ең негізгі тәсілі ретінде қарастырылған. Барлық синтаксистік тәсілдердің ішінен бұл тәсіл ең өнімді тәсіл болып саналады. Мысалы, қазақ тілінде мұхит сияқты терең, жан алғыш сияқты, күмға құйған су сияқты, бұлт арасынан шыға келген күн сияқтану, бұзық мылтық сияқты (орынсыз айтылған сөз бұзық мылтық сияқты біреуге болмаса, біреуге тиіп кетеді), қолға тұрмайтын сынап секілді тұрақсыз, перінің қызы сықылды, түпсіз тұңғыық теңіз тәрізді, тас қып буып тастаған тәрізді, бүкір адамға байланысты "төңкерілген астау тәрізді" және т. б. көптеген фразеологиялық компаративтерді кездестіруге болады.

Түрік тілінде аталған шылау сөздердің орнына (сияқты, секілді, сынды, сықылды, тәрізді) "gibi" сөздері қолданылады. Бұл шылаудың негізгі мағынасы – компаративтік мағынаны беру болып табылады. Мысалы, бір нәрседен қатты қорыққанда немесе көптен көрмеген біреуді аяқ астынан кездестіріп қалғанда мына фразеологиялық компаратив қолданылады: *Fal tasi gibi acilmak*. Сөзбе сөз аударсақ "бал ашатын тас тәрізді ашылу" болады. Кейде таң қалған кезде де осы тіркесті қолданады. Біздің тілімізде дәл осы тіркес болмағанымен оның орнына қолданылатын дәл сондай мағынада мынадай компаративтік тіркестерді атап айтуға болады: көзі алақандай болды, көзі шарадай ашылды, көзі тостағандай болды, көзі атыздай, көзі шаңырақтай болды.

Yama gibi dugmak – жамау сияқты тұру. Түркі тілінде жараспайтын киім кигенде, денесінде бір нәрсе өз орнын таппай тұрса, бір адам бір жерге келгенде өз орнын таппай артық болып тұрса, міне осындай жағдайларда осы тіркес қолданылады. Біздің тілімізде дәл осындай мағынада көптеген компаративті фразеологизмдер бар.

Кейбір адамдар көп сөйлеп, басындағы ойын түгел айтып, өзінің пікірін ашық білдіреді. Сондай кездерде, адамның осы мінезіне қатысты түріктер "бұлбұл сияқты ашылды" – "*Bulbul gibi acilmak*" деген тұрақты тіркесті

қолданады. Біздің тілімізде, сондай-ақ өзге түркі тілдерінің көпшілігінде бұл тұрақты тіркес кездеспейді. Ал түрік тілінде фразеологизмдердің компаративтік түріне осы тіркесті жатқызуға болады. Компаративтік мағынаны жоғарыда айтып өткеніміздей "gibi" сөзі беріп тұр.

Біздің тілімізде, ұйғыр, өзбек, қырғыз, түрік тілдерінде бір жерге адамдар көп болып жиналып қалғанда немесе әйтеубір тіршілік иелерінің бір маңай көп болып жинақталып қалған кезінде "кұмырсканың илеуі сияқты қайнасу" немесе "кұмырсканың илеуіндей", "кұмырсканың ұясындай" деген тіркестер қолданылады. Ал түрік тілінде көбінесе "kaınca gibi kaynasmak" – "кұмырсқа сияқты қайнасу" тіркесі қолданылады. Мұндағы компаративтік мағынаны "gibi" (яғни "сияқты") сөзі білдіріп тұр.

Түрік тілінде бір жерге тоқтаймай, біресе анда, біресе мұнда жүретін адамдарға қатысты "Serse gibi dalan dala sekmek" – "шегіртке сияқты талдан талға секіру" тіркесі қолданылады. Бұл да компаративтік фразеологизмге мысал бола алады. Біздің ана тілімізде "шегіртке сияқты гөлайттау" немесе "шырыл-дауық шегіртке сияқты" деп қолданылады. Сонымен қатар, түрік тілінде қатты ұялған кезде "Fare gibi kasacak delik aramak" – "тышқан тәрізді қашатын тесік іздеу" деген тіркес қолданылады. Өзге түркі тілдерінде бұл компаративтік тіркес бар болғанымен өте сирек қолданылады. Ал біздің тілімізде көбінесе "кіреге тесік таппау", "жерге кірердей болу" деген варианттары айтылады.

2) Испетті, рәуішті, тұрықты шылау сөздері. Бұл шылау сөздердің морфологиялық құрылымы, мағынасы жағынан жоғарыдағы сияқты, тәрізді, секілді, сықылды сөздерінен айырмашылығы жоқ. Бұл шылаулардың беретін мағыналары компаративтік мағына болғанымен сирек қолданылады.

3) Қарағанда, салыстырғанда сөздері қазақ тілін зерттеушілер тарапынан не демеулік шылаулар құрамында, не компаративтік сөздер құрамында қарастырылмаған. Алайда, көптеген түркі тілдерінде қарағанда сөзі компаративтік демеуліктер ретінде қарастырылады. Мәселен: өзбек тілінде барыс септігінде тұрған қараб... демеулігі салысты-руға негіз болатындығы айтылған. Ал татар тілінде "қарағанда демеулігі салыстыру қатынасын білдіреді" делінген.

4) Ұқса сөзінің әр түрлі етістік форма-сында түрленіп келіп, компаративтік құрылым жасаудағы үлесі зор екен. Ол, ең алдымен, көсемшенің -й жұрнағы арқылы түрленеді.

Хакас тілінде "Пічікчі кізі кунге тоой, пігік пілбес кізі тунге тоой" – Білімді кісі күнге ұқсайды, білімсіз кісі түнге ұқсайды. Қазақ тіліндегі компаративтік мағынаны білдіретін ұқсайды сөзінің хакас тіліндегі баламасы "тоой" екен. Яғни, екі тілде де осы екі сөз компаративтік ұғымды білдіріп тұр.

Ұқса сөзі = с жұрнағын қабылдап, өзінің компаративтік мағынасын күшейте түседі. Мысалы, шашылып әр жерде бір жатқан затқа, нәрселерге қатысты "төгілген ұнға ұқсас" деген компаративтік тіркес бар. Сонымен бірге, қап-қараңғы, көзге түртсе көргісіз қараңғы жерді "қара түнек түнге ұқсас" деген тіркесті қатыстырып айтса, адамның ішкі дүниесіне, сана-сезіміне, біліміне қатысты да осы тіркес қолданылады.

5) Аумаған сөзі болымсыз мағынасын беретін -ма/-ме жұрнағын қабылдағанда ғана салыстырудың көрсеткіші ретінде қолданылады.

6) Құдды сөзінің компаративтік мағына-сы бейне, аумаған сөздерінің компаративтік мағыналарымен ұқсас келеді. Мысалы, ұйғыр тілінде "худди ялап койғандәк" – құдды жалап койғандай деген тіркес бар. Бұл қазақ тілінде дәл осылай қолданылады. Және "жылан жалағандай", "тілімен жалағандай", "жалап койғандай" деген варианттары да кездеседі.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келетін болсақ, барлық түркі тілдеріндегі компаративтік фразеологизмдердің жасалу жолдары өте қатты ұқсас, тіпті көпшілігінкі бірдей десе де болады. Біз әр түрлі мысалдар келтіру арқылы компаративтердің жасалу жолдарына тоқталып, түркі тілдерінің бірнешеуінен дәлелдер де келдіріп өттік. Бұл туралы, яғни түркі тілдеріндегі компаративтер жайлы біз кейінгі мақалаларымызда да әңгімелейтін боламыз.

1. Сәмекбаева Э.М. "Көркем әдебиет тіліндегі фразеологизмдік компаративтер". Автореферат. Алматы, 1997.

Қ.Қ. Мұқанова

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖУРНАЛИСТИКА БӨЛІМІ СТУДЕНТТЕРІНЕ ҚАРҚЫНДЫ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ МЕНГЕРТУДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІСТЕР

Әрбір педагогикалық технология өзіндік жаңа әдістермен ерекшеленеді. Әдістер оқытушы ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктелініп, ең тиімдісі қолданылады.

Қарқынды оқыту технологиясы қазақ тілін оқытып үйретуде тілдік қатынасты іске асыруды мақсат етеді. Өйткені, тілді оқыту мәселесіндегі жаңа технологияның теориялық, практикалық маңызы оқушыларға, студент-терге, жалпы тіл үйренушілерге тілдік қатынасты үйренуге келіп тіреледі. Яғни, тілдік қатынастың іске асуы жаңа технология түрлерін қазақ тілі сабағында қолданумен тікелей байланысты. Олай болса, қазақ тілін қарқынды оқыту технологиясы арқылы менгертуде қолданылатын ең негізгі және ең басты әдістердің бірі – қатысымдық әдіс.

Қазіргі таңда тілді оқытудың ең басты бағыты – қатысымдық бағыт. Тілді қатысым-дық тұрғыдан менгертуге тілшілер де, әдіскер-ғалымдар да, ұстаздар да ерекше назар аударып отыр. Себебі, қатысымдық бағыт бүгінгі уақыт сұранысынан туып отырған заман талабына жауап бере алады. Қатысымдық оқытудың нәтижесі – тілдік қатынас. Тілдік қатынас дегеніміз адамдардың бір-бірімен тілдесуі, сөйлесуі, тіл арқылы тілдік қатынас жасауы деген сөз. Осы тілдік қатынас бойынша зерттеу жүргізіп, оның тілдерді оқытудағы тиімділігін көрсеткен, тілдік қатынастың тұжырымын жасаған ғалым Ф.Оразбаеваның сөзімен алсақ, тілдік қатынас – сөйлеу тілі арқылы ұғынысу, түсінісу дегенді нақтылай келіп, жай ғана қарым-қатынас дегеннен гөрі тамыры тереңге кеткен, өмірде өзіндік орны бар, қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы, адамдар қатынасының түп қазығы дегенді білдіреді [1,8]. Берілген анықтамадан көріп отырғанымыздай, тілдік қатынас – тек сөйлеу тілі арқылы тілдесу ғана емес, сондай-ақ, ол жалпы адамзатқа, қоғамға қызмет ететін, оны қоғамның өзі тудырған, оның әлеуметтік қажеттігін өтейтін күрделі құбылыс.

Тілдік қатынасқа түсушілердің ең басты қызметі – қатысымдық қызмет. Қатысымдық қызмет бойынша хабар таратушы мен хабар қабылдаушылар тілдік қарым-қатынастың барлық түрлерін іс жүзіне асыра отырып, хабар арқылы бір-бірімен қарым-қатынастық қызмет атқарады. Сондықтан да тілді қатысымдық тұрғыдан менгертудің алатын орны ерекше.